

"Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 338 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 23 мамырдағы № 792 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 маусымда № 5860 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 346 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 27.08.2021 № 346 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 338 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5382 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы", "Қызылординские вести" газеттерінде 2016 жылғы 15 наурызда жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес тізбе бойынша акционерлік қоғамының акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысуындағы мемлекеттің үлесі, сондай-ақ, мүліктік кешен ретінде заңды тұлғалар жекешелендірілсін.";

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д. Ысқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қорқыт Ата әуежайы"

акционерлік қоғамының президенті

Ни К.Б.

2017 жылғы "23" маусым

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің

2017 жылғы "23" мамырдағы

№ 792 қаулысына

қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің

Жекешелендірілетін акционерлік қоғамының акциялары және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысуындағы мемлекеттің үлесі, сондай-ақ, мүлктік кешен ретінде заңды тұлғалар тізбесі

№ р/с	Атауы	Іске асыру мерзімі	Жекешелендіру түрі
1.	Мүлктік кешен ретінде Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Қызылорда облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	қыркүйек 2016 жыл	тендер
2.	Мүлктік кешен ретінде "Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Ұлттық спорт түрлері және бұқаралық сауықтыру-дене шынықтыру клубы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	қараша 2017 жыл	кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлікпен басқаруға беру
3.	"Қайсар" Қызылорда облыстық футбол клубы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 100% қатысу үлесі	қараша 2020 жыл	тендер
4.	"Сыр медиа" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 100% қатысу үлесі	қараша 2020 жыл	тендер
5.	"Қызылорда" өңірлік инвестициялық орталығы" микроқаржылық ұйымы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 100% қатысу үлесі	қараша 2020 жыл	тендер
6.	"Қорқыт Ата әуежайы" акционерлік қоғамының 100 % акциясы	қараша 2018 жыл	мемлекеттік-жекешелік әріптестік нысанында